

Сот қызметкері сауатты, түсінікті, сенімді сөйлей білуге міндетті. Егер біздің заңгерлер ресми іс жүргізу тілінде ғана емес, сондай-ақ экспрессивті түрде де сөйлей білетін болса, онда соттың тәрбиелік мәні де арта түскен болар еді.

## РЕЗЮМЕ

В статье проанализированы требования к культуре речи юристов.

## RESUME

This article deals with the rudiments of communication culture of the lawyers.

**Ж. ИБРАЕМОВА,**

*Магистрант.*

*Сүлеймен Демирел Университеті.*

*Алматы қ.*

## МАЙЛЫҚОЖА СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АРАБ, ПАРСЫ ЛЕКСИКАСЫ

Тіл-қоғамның әлеуметтік-саяси өзгерістерінен қалыс қалмай, әрдайым даму үстінде болатын құбылыс. XV-ғасырда орта азиялық түркі тілдес халықтардан еншісін алып, өз алдына шаңырақ тіккен қазақ халқының ана тілінің ақуалы да осымен іспеттес. Тілдің дамуы мен өркендеуі екі түрлі даңғыл жолмен жүріп отырды. Біріншісі жазба әдеби тіл болса, екіншісі-ауызекі сөйлеу тілі. Сөйлеу тілі ешқандай кедергіге қарамастан бар қарқынымен дамып отырды да, жазба әдеби тілі өзінің қағидаларынан көп ауытқымай көбінесе өз қалпын сақтап отырды. Бұған дәлел ретінде XVII-XVIII ғасырларда бізге мұра ретінде қалған Қадырғали би Жалайыридың «Жамиғ-ат тауарихы» және Әбілғазы Баһадүрханның «Шежіре түрки» атты тарихи еңбектерін зерттеген ғалымдар сол кездегі сөйлеу тіліне емес, орта түркі дәуіріне жататын (Жүсіп Баласағұн «Құдатғу білік поэмасы», М.Қашғари «Диуани лұғат-ит түрк» Ахмет Иүгінеки «Һибатул-хақайык», А.Яссауи «Диуани хикмет» - X-XII ғғ.) және Алтын Орда кезеңіндегі жазба ескерткіштердің (Хорезми «Мұхаббатнаме», Құтба ақын «Хұсрау-Шырын», Сейф Сарай «Гүлстан-бит түрки», Рабғузи «Қисса сұләнбия», «Кодекус куманикус» - XII-XV ғғ.) жәдігерлердің үлгісіне негізделгенін айтады. Себебі сол кезеңдерде өмір сүрген дүйім орта азиялық түркі тілдес халықтардың түсінуін басты мақсат етіп көздеген. Бұл жайлы Әбілғазы хан өзінің «Түрік шежіресінде» айтып өткен [1,54]. Халықтың сөйлеу тілі біртіндеп жазба

әдеби тілге ене береді де, XIX-ғ аяғына таман көбірек сіңісіп, сөйлеу тілі жүйелі түрде сипат ала бастайды [2,156-163].

Дегенмен «Түрік шежіресі» лексикасының негізгі төсегі-қыпшақ тілі лексикасы болғандықтан, ол сөздердің көпшілігі қазіргі қазақ тілі сөздерімен бірдей тұлғада, бір мағынада келіп жататынын анық көруге болады. Әсіресе, қазақ халқының ертедегі тұрмысына, салт-дәстүрлеріне қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің «шежіредегі» қолданылған түрі мен бүгінгі тіліміздегі тұлғасы да, мағынасы да бірдей түсіп жатады. Мысалы: ұлығ уа кічік барчасы ұғланның бу сөзіні ешітіб таң қалдылар... [1,65-бет] Р. Сыздықова да «Жамиат Тауарих»тың тілін сөз еткенде «оның лексикасының түрік бөлігінде қыпшақ тілі сөздері белгілі орын алады» деген сөзіне түрік тілінің басым екенін көреміз [1,65-бет]. Сонымен қатар Әбілғазы өз шығармасында тек қана көне түрік тілін пайдаланбағаны белгілі. Өзі өмір сүрген кезеңдердегі түркі халықтары қолданған тілді яғни сол тұстағы түркі сөздерін, араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздерді де пайдаланған. Бұл жайында Б. Әбілқасымов шығарманың 150-бетіне сандық есеп жүргізген. Барлық сөз саны 323, ономастикалық атаулар 40, түркі сөздері 230, араб сөздері 40, парсы сөздері 12 деп алғанда пайыздық өлшеммен ономастикалық атаулар 12,4 %, түркі сөздері 71.3%, араб сөздері 12,4%, парсы сөздері 3,8% деп көрсеткен [1, 73-бет].

Қадырғали Жалайридің «Жамиат Тауарихында» татар зерттеушісі З.А. Хисамиеваның есептеуі бойынша түрік сөздері-58%, араб сөздері- 28%, парсы сөздері-13% құрайтынын көрсетеді [1,73-бет].

Осы жерде Әбілғазы Баһадүрханның «араб, парсы, шағатай тілдерінен бір сөз де қоспадым» деген мәлімдемесін «сол тілдердің сөз оралымдарын пайдаланбадым» дегенін, араб және парсы сөздерін мейлінше аз кіргізгенін айтқаны деп түсінген дұрыс деп қоштайды Б. Әбілқасымов.

Енді қолымызда XVIII-XIX ғғ сақталып қалған хан жарлықтары, ресми құжаттар, билік басындағылардың басқа елдерге жіберген хаттарының тілі жайында сөз етсек, мынаны байқаймыз. Бұл кезеңге дейін ресми тіл ретінде ескі қазақ жазба әдеби тілі қолданыста болды. Кей ғалымдар бұл тілді «кітаби тіл» деп атады. Ал Б.Әбілқасымов бұл «кітаби тіл» термині қазақша әдебиеттерде екі түрлі вариантта қарастырылатынын; «біріншісі-шағатай немесе орта азиялық түркі әдеби тілінің мағынасында, екіншісі-шағатай тілінің қазақ авторлары шығармасында қолданылған түрі ретінде аталғанын айта келіп, егер «кітаби тілді» шағатай немесе орта азиялық түркі әдеби тілінің синонимі ретінде танитын болсақ, XVIII-XIX ғасырда өмір сүрген сауатты қазақтардың баршасы өз туындыларын түркі әдеби тілінде жазған болады және ол тілді жете меңгерген болады. Ал, шындығына келсек, XIX ғ. бірінші жартысында өмір сүрген қазақ азаматтары Шоқан, Махамбеттер өздерінің ағайын-тумасына жазған хаттарын шағатай не түркі әдеби тілінде жазуы ешбір мүмкін емес», - дейді. Сондықтан бұл

тілді қазақтың «көне әдеби тілі» деп атаған дұрыс деген пікір білдірген [3,121-123 б.].

Ортаазиялық түркі тілі дәстүрі сақталған М.Өтемісұлының, С.Датовтың, Ы.Алтынсариннің хаттарында ж дыбысы орнына *и*, *с* естілетін жерде *ш* жазылған, *бол* етістігі *ол*, *мен* есімдігінің *бен*, *еді* көмекшісі *ерді* түрінде жазылған және *бірлән*, *дүр*, *тұрған* сияқты қосымшалар кездеседі. Бұл ерекшеліктерге қарап, расында да, шағатайша жазылды деу мүмкін емес, себебі лексикасы түгелдей қазақ сөздері [4,22].

Х.Досмұхамедұлы бұл тіл жайлы былай деген: «*Хұрметлу ғизатлу қадырменде зияда көргуші ағамызға көп-көп саламлар бағдұнда біз тарафтан хал алуал сұрасаңыз алхамдилла сағ-саламат тұрадырмыз*» секілді әдебиет тілі болған «шатақ тіл» пайда болды. Бұл тілді күні кешеге дейін молдалардан басқа да ел ішіндегі сөз жазған кісілердің бәрі қолданып жүрді. Хүкімет тілі де осындай болды» [5, 148 б.]. Яғни, бұл тілдің октябрь төңкерісіне дейін қолданылып, құжаттар, іс-қағаздар тілінде ресми түрде пайдаланылғанын ескерсек, ескі қазақ жазба тілінің халыққа жат болмағанын көреміз.

XVIII-XIX ғ.ғ. жазбалар пайдаланған жазба тіл ортаазиялық түркі жазу дәстүрін сақтағанымен де жалпыхалықтық сөйлеу тіліне бейімделе бастаған кезеңге жатады және XIX ғ. бастап бұл ерекшелік басым түсе бастағаны мәлім. Яғни ескі қазақ жазба тілі белгілі бір ізден шалыс баспайтын, өз арнасынан ауытқымай әрдайым жүйелі түрде қолданылатын тіл емес. Ол жыл өткен сайын жаңарып, ішінара өзгеріске ұшырап отырған, яғни XVIII ғ. жазылған хаттар мен XIX ғ. жазылған жазбалардың тілінде едәуір айырмашылықтар бар.

XIX ғ. екінші жартысы қазақ әдеби тіліне үлкен өзгеріс әкелді. Ол 1870 жылғы жарық көрген Түркістан уалаятының газеті болды. Газет 1870 жылдан бастап 13 жыл бойы, 1883 жылға дейін Түркістан генерал губернаторлығының орталығы Ташкент қаласында шығып тұрды. Қазақ тіліндегі екінші газет бұдан 5 жыл кейін, 1888 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Дала генерал губернаторлығының орталығы Омбы қаласынан шыға бастады.

Газетте қазақтың ұлттық ойындары, жұмбақ айтысы сияқты дәстүрлері сөз болып, қазақтың Мәделі қожа, Орынбай, Досанбай сияқты ақындарының өлеңдері мен қарақалпақ ақыны Әжнияз бен Меңеш қыздың айтысы басылған. Газет қазақ тілі жөнінен әдейі мақала жарияламағанымен, оның бетінен қазақ тілін таза сақтауға шақырған, өзбек, татар сөздерін араластырып өлең шығарған, кітап шығарған, кітап жазған адамдарды сынаған мақалаларды да кездестіруге болады. Мәселен, газеттің 1876 жылғы 29-нөмерінде Қазанда басылған «Қожа Ғафан уа һәм Садуақас» деген қиссаның тілі сөз болады. Бұл кітаптың «қазақша» делінгенімен, сөзінің көбі «ноғайша» екенін айтып, мысалдар келтіреді. «тал» деп жазатұғын жерге «дал» деп, «молда» -«молла», «депті»-«тибті» деп жазылған. Қазақ тілі қандай жарасып, бір-біріне жабысып тұрғанын білгіңіз келсе, біз бір-екі ауыз

сөз жазалық деп Орынбай ақынның өлеңінен үзінді береді. Негізінен алғанда, «Түркістан уалаяты газетінің» тілі сол кездегі қазақтың ауызекі сөйлеу тіліне жақын екенін көреміз. [6, –188 б.] «Лексико-фразеологиялық құрамы жағынан да, грамматикалық құрылысы жағынан да бұл (публицистикалық) стильдің негізі қазақтың өз тілі болды»-деп академик Р. Сыздықова дәлелдеп береді.[ 7, 175 б.]

XIX-ғасыр аяғы мен XX-ғасырдың басы жазба тіл, сөйлеу тіл деп бөлмей, екеуі бір арнаға сіңісіп, жүйеленген кезеңді айтамыз. Бұл кезеңнің айтулы өкілдері ретінде Мәделіқожа, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Нұржан Наушабаев, Майлықожа Сұлтанқожаұлы және т.б. Елді игілікке, ерлікке, отансүйгіштікке, адамгершілікке үгіттеген осы халық қалаулыларының еңбектерін оқи отырып, таза қазіргі таңда қолданыста жүрген әдеби тіл екенін анық көруге болады. Әрине өздеріне үлгі өнеге ретінде туған топырағындағы ауыз әдебиеті, қала берді, Орта Азия халықтары әдебиетінің алыптары Әбілқасым Фердауси, Әлішер Науаи өлеңдері арқылы жеткен шығыс ақындарының ізімен жүріп, уағыз айтқан бұл тұлғалардың тілінде араб, парсы тілінен енген элементтер әлі де сақталып қалған [8,57 б]. Осы тақырыпқа орай халыққа термелерімен кеңінен танылған Майлықожаның «Терме-арнау» деген өлеңдер жинағына тереңірек үңіліп, қолданысындағы араб, парсы сөздеріне талдау жасай отырып, қазіргі қазақ әдеби тілінің салушылардың бірі деген баға берсек артық болмас. Себебі XX-ғасырдың алғашқы ширегінде А. Байтұрсынұлының бастауымен қазақ әдеби тілінде жарық көрген газет тілі осы кезеңнің тілін арқау еткен болатын. Майлықожа Сұлтанқожаұлының діни толғанымдарынан құралған «Терме-арнау» атты көркем шығармасы 48 өлеңнен, 264 беттен құралған. Осы шағын ғана жинақтың жалпы сөз саны - 36021. Оның ішінде қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркесі ретінде 25 сөзді таптық. Кейбіреулерін атап өтер болсақ;

Әзіретім пәсірақ жерге келді,

Үкаша мейір Нәубет көрмек еді- деген өлең жолдарындағы арабша - [مهرونوی] сөз тіркесі қазақша оқылғанда *мәһір нәбауия* яғни *пайғамбарлық мөрі* мағынасын береді.

Налеті иллә алей деп ,

Пейіштен һүрлер қашады - арабшада [لعنة الله] деп жазылса, қазақша *Жаратушы Алланың қарғысы болғай* деген семаны береді.

Жерде пенде болғанда-көкте мәләк,

Иеленді заманамыз *шархи фәләк* - [شرح فلق] , шәрһ – анықтап, түсіндіру, ал фәләк – жер мен көк әлемі деген мағынаны тіркеткенде, *жер мен көк әлемінің анықтамасы* деген мағынаға сай келеді.

Бісміллә демек бір Алла,

Екі әріп *каф пен нун* болды - [ **ك ون** ] осы бір сөз тіркесінің беріп тұрған мағынасын түсіну үшін араб тілін менгерумен қатар Қасиетті Құранды да түсіне білу қажет. Себебі арабшадағы *каф пен нун* әріптерінің басын қосқанда *Кун* сөзі оқылады. Бұл Ясин сүресінің 81-аятында айтылған [ **كن فيكون** ], яғни Алла Тағала *бол десе болады* деген сөздің қысқартылып жазылғаны.

Әр пендеге бір нәубет өлім жетті,  
Мұбарак дымақлары құрап бітіп,

Мұңлық боп Әзіреттің көңілі кетті – пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.а.у) ның қайтыс болар алдындағы бейнесін осылайша суреттеген ақын арабшада [ **مبارك دطغ** ] деп жазылып, мағынасы *құтты, берекелі жүректің қалайша тоқтағанын* жырлаған.

Шығармадан теріп алған араб, парсы сөздерінің басым бөлігі фонетикалық өзгеріске ұшырамай, сол қалпында қолданысқа түскен:

Сол уақытта *әстә* Адам,

*Бейдар* болып оянды – парсы сөзінен алынған [ **اهسته** ] қазақшаға аударылғанда *жайменден*, ал [ **بيدار** ] сөзі *шаршамай, тыңғылықты* деген семаны береді.

Шатқайдай ер еді Ахмет сұлтан

*Жиһат* үшін жаралған кісі тұғын – [ **جهاد** ] *соғыс*

деген мағынаны беретін, араб тілінен алынған бұл сөз әлі күнге дәл осы қалпында халық арасында қолданылуда.

Араб, парсы тілдерінен дыбыстық өзгеріске ұшырамай немесе сәл ғана ауытқыған сөздерден 186 деп белгілесек, қалғандары барынша дыбыстық өзгеріске ұшырап, тіпті түсіну де біраз қиынға соқты. Мысалға,

Назы нығмат асылдан,

Болады себеп нұрахи- бәйіттегі нұрахи сөзін зерттей келе нұрахи сөзі [ **نورالهي** ] *нұр иләһи* деген сөз тіркесінің қысқартылып айтылғанын байқаймыз.

Сол уақытта *зілзалал*,

Жәбірейілге әмір етеді- дегенде *зілзалал* сөзін анықтай келгенде арабшадан енген [ **ذوالجلال** ] *Зұл Жәлал* деген сын есімді білдіреді. Оның мағынасы ұлылық пен сән-салтанат иесі Алла Тағала дегенді көрсетеді. Осы шығарманы талдай отырып Майлықожа ақынның сөз саптау шеберлігіне таңғалмау мүмкін еместігіне көз жеткіздік. Араб, парсы тілінен енген түбір сөздерге қазақ тілінің жалғау, жұрнақтарын немесе көмекші сөздерін тіркеп, айтар ойын шеберлікпен безендіріп отырған. Мысалы,


Ж оқ нәрседен *бінә* қып,

Құдіреттің күшті өнері-осындағы [ **بني** ] - сөзі арабшада- *ғимарат, үй* деген мағынаны берсе, қазақшадағы қылу көмекші етістігін жалғау арқылы- *жоқтан бар жасау, құру* деген жаңа мағына шығып отыр.

Үш айтыңыз *izaһlan* қалайыққа,  
 Әгар көп айтпасаңыз айтпас едім-мұнда да  
*izaһ* арабшадағы *анықтама* [ايضاح] деген мағынаны білдіретін зат есімге  
 қазақшадағы лау деген жұрнақты жалғау арқылы *анықтау*, *түсіндіру* деген  
 етістікті білдірген.

Қуаныш құрсан құшлықтың  
 Қапалыққа бар міні - осындағы құшлық сөзі  
 парсыдан келген *нош* [حوش] деген сөзіне *лық* деген жұрнақ арқылы көңілділікті  
 меңзеген.

Қазақ тіліндегі жалғауларды жалғау арқылы өлең жолдарын  
 өрнектеп қазақ тіліне жаңа лексикаларды қосуға ауқымды үлесін қосқан  
 Майлы ақынның сөз саптауындағы таза араб сөздерінің саны - 206 болса,  
 қалған 63 сөзі - парсы тіліне жатады. Жоғарыда Әбілғазы ханның «Түрік  
 шежіресіндегі» көрсеткішке қарағанда «Терме-арнау»дың тілі әлдеқайда  
 қазақиланып, құрамындағы араб пен парсы сөзінің өзі қазақшаға  
 ыңғайланып қалғанын көруге болады. Оны дәлелдеу үшін біз арнайы сандық  
 есеп жүргізіп, диаграмма арқылы көрсеттік (1-сурет):



1-сурет. Майлықожа Сұлтанқожаұлының өлеңдеріндегі араб, парсы сөздерінің салыстырмасы.

барлық сөз саны	36021	98,6%
араб сөзі	206	1,03%
парсы сөзі	63	0,34%

Осындай көрсеткіштерден кейін ойымызды бір ізге салып  
 қорытындылар болсақ, қазіргі таңда қолданыста жүрен қазақ әдеби тіліндегі  
 араб, парсы лексикасының негізін қалап, ана тіліміздің ажырамастай бөлігі  
 ретінде құйып кеткен ақын аталарымыздың тіліне сырт көзбен қарап,  
 сынауға еш хұқығымыз жоқ. Қайта осы заманның жастары сонау қазақ  
 халқы болып құрылғаннан бергі төл тарихымызды игеру үшін батыстық  
 тілдерді емес, шығыстық тілдерге, әсіресе араб пен парсы тілдерін жетік  
 меңгеруіміз керек екендігіне басты назар аударғым келіп отыр. Ескі қазақ  
 тілімен А. Байтұрсынұлы қалап кеткен жаңа қазақ әдеби тілінің арасында

көпір қызметін атқарған Майлықожа Сұлтанқожаұлының елі, елінің тілі үшін атқарған еңбегі зор деп бағалаймыз.

#### Әдебиет:

1. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Арыс, 2001. – 246 б.
2. Уәлиұлы Н. Қазақ тілі қандай тіл? // «Тілтаным», 2004. №3. – 156-163 б.
3. Әбілқасымов Б. XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 224 б.
4. Мамырбекова XVIII-XIXғғ. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының графика-орфографиялық ерекшеліктері. Фил.ғыл.канд. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. Алматы, 2005.
5. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991 – 176 б.
6. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971.-188 б.
7. Сыздықова Р. XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1984.-248 б.
8. Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары: Көмекші оқу құралы.- Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 192 бет.

#### Резюме

В данной статье анализируется употребление арабско-персидских слов в годы жизни Майлықожы во второй половине XIX века.

#### Annotation

This article deals with the usage of Arabic – Persian words during Mailikoja's life in the second half of the XIX century.

**Р.ОРАЗОВА**

Абай ат. ҚазҰПУ,

Алматы қ.

### **АРАБ ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ ТУЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ- МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІГІ**

...Тіл білімінде коммуникация процесі және оның әлеуметтік-мәдени жақтарын қарастыру қазіргі кездегі негізгі мәселелердің бірі. Өйткені, ол сөйлеу әрекетінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері және этикет формаларымен де байланысты. Негізгі мақсатымыз – туыстас адамдар арасындағы қарым-қатынас және сөйлеу әрекетін араб және қазақ тілдері негізінде қарастыру болып табылады.